Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Абай облысының Әділет департаменті"
республикалық мемлекеттік мекемесі
Заңды тұлғаға (филиал мен өкілдікке)
мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу
2022 ж. 23. 09
БСН 130340012505 жүргізілді
2013 ж. 14. 03
алғашқы тіркелген күні
ӨМТН 3932-1977-27-ММ

«Бекітілді»
«Абай облысының
қаржы басқармасы» ММ
2022 жылғы «____» ___________
№ ______ бұйрығымен

# Абай облысы білім басқармасының «Семей қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ереже

## 1. Жалпы ережелер

1. Абай облысы білім басқармасының «Семей қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Семей қаласының білім бөлімі) Абай облысы Семей қаласы аумағында білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады және өз қызметінде «Абай облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне есеп береді және бақылауында болады.

2. Семей қаласының білім бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Семей қаласының білім бөлімі мемлекеттік мекеме нысанындағы ұйымдық-құқықтық заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Семей қаласының білім бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Семей қаласының білім бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Семей қаласының білім бөлімі өз құзіретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Семей қаласы білім бөлімі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Семей қаласының білім бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Қ. Мұхамедханов көшесі, 8 үй, пошта индексі 071400.

9. Осы Ереже Семей қаласының білім бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Семей қаласының білім бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Семей қаласының білім бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен Семей қаласы білім бөлімінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Семей қаласының білім бөліміне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## 2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

1) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту;

3) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу

4) әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

5) білім беру ұйымдарының автономдығын, дербестігін кеңейту, білім беруді басқаруды демократияландыру;

6) білім беруді ақпараттандыру негізінде оқытудың жаңа технологияларын енгізу, халықаралық жаһандық коммуникациялық желілерге шығу;

7) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

8) қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

13. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

білім беру ұйымдарының қызметкерлерін мекеменің құзыретіне жататын мәселелерді дайындауға тарту, тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін уақытша жұмыс топтарын құру;

білім беру ұйымдарын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

өз құзыреті шегінде мекеменің қызмет саласына қатысты тапсырмалар беру, олардың орындалуын бақылау, ауданда өткізілетін іс-шараларға қатысу;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттері:

заңды және негізделген шешімдер қабылдау;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардан өтініштер қабылдау және қарау, олардың орындалуын бақылау;

жеке және заңды тұлғаларды және олардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру;

мемлекеттік органның қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және актілерді қабылдауға жол бермеу;

жұмыс барысында алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнаманың талаптарын сақтау;

қарамағында білім беру саласының мәселелері бар білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне ұйымдастырушылық-әдістемелік, ақпараттық және өзге де көмек көрсету;

қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа да міндеттерді орындау.

14. Қызметтері:

1) Семей қаласы аумағында білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде мемлекеттік білім беру ұйымдарының (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, қосымша білім беру) басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) мемлекеттік білім беру ұйымдарында кешкі (ауысымдық) оқыту нысанын қоса алғанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы берілетін жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

4) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

5) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының қажеттілігін, ата-ана төлемақысының мөлшерін айқындайды;

6) облыстың білім басқармасы арқылы облыстың жергілікті атқарушы органына бекітуге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін енгізеді;

7) облыстың білім басқармасы арқылы орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын облыстың жергілікті атқарушы органына бекітуге енгізеді;

8) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

9) мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

10) тірек мектептердің (ресурс орталықтарының) жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

11) қалалық деңгейде жүзеге асырылатын балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

12) оқу-өндірістік комбинаттардың қызметін қамтамасыз етеді;

13) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

14) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етеді (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда);

15) орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

16) аудандық ауқымдағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және мемлекеттік білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға бөлінетін бюджет қаражатының жиынтық көлемінің кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

17) Семей қаласы білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

18) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Семей қаласының білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшы қызметкерлерін аттестаттауды ұйымдастырады;

19) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлау және қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі жоспарды қалыптастырады;

20) мектепке дейінгі ұйымдарды және интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

21) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз етеді;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

23) тиісті кентте, ауылда, ауылдық округте мектеп болмаған жағдайда білім алушыларды таяудағы мектепке дейін және кейін қарай тегін тасымалдауды ұйымдастырады;

24) Семей қаласының мемлекеттік білім беру ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

25) Семей қаласында орналасқан білім беру ұйымдарының психологиялық қызметінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді;

26) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

27) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

28) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

29) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

30) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына, отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

31) білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды;

32) ауданның білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі жөніндегі мәселелерді үйлестіреді;

33) білім бөлімінің құрылымын облыстың білім басқармасына бекітуге және келісуге енгізеді;

34) тарификациялық тізімдерді, штат кестесін, мемлекеттік білім беру ұйымдарының жұмыс оқу жоспарларын (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру), сондай-ақ орта білім беру ұйымдарының кдасс комплектілер санын Семей қаласының қажеттілігіне қарай келіседі;

35) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тәртіптік жауаптылыққа тартады;

36) осы Ережемен жүктелген функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету үшін бюджеттік өтінімді сапалы жасауды және облыстың білім басқармасына ұсынуды қамтамасыз етеді және жауапты болады;

37) білім беру саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

15. Семей қаласының білім бөліміне басшылықты Семей қаласының білім бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

16. Семей қаласының білім бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

17. Семей қаласының білім бөлімінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

18. Семей қаласының білім бөлімінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен белгіленетін құзыретіне сәйкес мекеме қызметінің мәселелерін шешеді;

2) мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңестер шақырады;

3) мекеме қызметкерлерінің өкілеттіктерін айқындайды;

4) барлық ұйымдарда мекеменің мүддесін білдіреді;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

6) заңнамада көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Семей қаласының білім бөлімінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

19. Семей қаласының білім бөлімінің бірінші басшысы өз орынбасарының өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

## 4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Семей қаласының білім бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Семей қаласының білім беру бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Семей қаласының білім бөліміне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Семей қаласының білім бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## 5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Семей қаласының білім бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Семей қаласының білім бөлімінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:**

1) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Н. Г. Чернышевский атындағы № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Қаныш Сәтпаев атындағы № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 4 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Шәкәрім атындағы көпбейінді № 5 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Семей қаласының № 6 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 7 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 8 көркем-эстетикалық білім беру және тәрбиелеу жалпы орта білім беретін мектеп-кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 9 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 10 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 11 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 12 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 13 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 14 мектеп-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

15) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 15 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

16) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 16 Төлеубай Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

17) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 17 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

18) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 18 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

19) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 19 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

20) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 20 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

21) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 21 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

22) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 22 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

23) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 23 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

24) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Шаған кентінің № 24 негізгі жалпы білім білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

25) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 25 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

26) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 26 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

27) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 27 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

28) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 28 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

29) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «29 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

30) Абай облысы білім басқармасының «Семей қаласы білім бөлімінің «№ 30 «Пальмира» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

31) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 31 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

32) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 32 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

33) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «бөлімінің «Қайрат Рысқұлбеков атындағы № 33 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

34) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің № 34 Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

35) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің № 35 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

36) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 36 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

37) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

38) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Семей қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 38 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

39) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейхан атындағы № 39 жалпы орта білім беретін жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

40) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің № 40 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

41) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 41 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

42) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Мектеп жанындағы интернаты бар № 42 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

43) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 43 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

44) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 44 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

45) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретінмектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

46) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 48 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

47) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 49 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

48) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Экономикалық лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

49) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Жарқын жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

50) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Бухин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

51) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

52) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Біржан Исадилов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

53) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Түрксіб жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

54) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Талица негізгі жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

55) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Бұлақ жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

56) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «А.Ибраев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

57) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Ақбұлақ негізгі жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

58) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Жүсіпбек Аймауытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

59) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Озерки жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

60) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Шүлбі жалпы білім беретін эстетикалық білім беру және тәрбиелеу орта мектеп-кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

61) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Шүлбі жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

62) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Шақаман жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

63) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Приречное жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

64) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Абыралы негізгі жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

65) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Бөкенші жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

66) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Знаменка жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

67) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 2 түзету мекемесінің жанындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

68) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 3 бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік мектепке дейінгі мекемесі;

69) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 15 балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мектепке дейінгі мекемесі;

70) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Аружан» мектепке дейінгі шағын орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

71) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 1 «Арман» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

72) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Айдана» № 2 бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

73) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 4 «Балдәурен» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

74) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 5 «Бала әлемі» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

75) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 6 «Нұрсәуле» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

76) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 7 «Ақ бота» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

77) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 8 «Балбөбек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

78) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 9 «Айгөлек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

79) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 10 «Бал бұлақ» гуманитарлық-эстетикалық және сауықтыру бейіндегі бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

80) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 11 «Ертөстік» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

81) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 12 «Ажар» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

82) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

83) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Татар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

84) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 1 балалар музыка мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

85) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Облыстық балалар биологиялық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

86) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Облыстық балет мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

87) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Аула клубтарының қауымдастығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

88) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Балалар мен жастардың шығармашылық сарайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

89) Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Ғылыми-тәжірибелік білім беру және туризм орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**«Абай облысының білім басқармасы» ММ**
**басшысы м.а.** **Н. Ахметкалиев**